



"Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № А-11/599 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 қаңтарда № 4597 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № А-6/219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2016 № А-6/219 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

4. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С.Кулагин

Ақмола облысы әкімдігінің
2014 жылғы 11 желтоқсандағы
№ А-11/599 қаулысымен
бекітілді

"Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Ақмола облысы бойынша діни қатынастар саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінде осы Ереженің қосымшасында көрсетілген ведомстволық ұйымдары бар.

3. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 139 а.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе,

онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

14. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: діни қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Міндеттері:

1) Конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және жүзеге асыру, діни наным еркіндігіне азаматтардың құқықтарын және діни бірлестіктермен өзара әрекет етуді жүзеге асыру бойынша ұсыныстар дайындау;

2) діни бірлестіктердің, діни білім беру ұйымдарының, миссионерлердің қызметі және азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын іске асыру саласындағы үдерістерді талдау мен нәтижелерін жинақтап қорыту, жан-жақты және объективті зерделеу.

16. Функциялары:

1) облыстағы діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді;

2) өңірде жұмыс істейтін діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;

3) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

7) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайларды орналастыруды дайындайды, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

8) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді (қайта тіркеуді) жүргізеді;

9) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін

айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) мәселелерін келіседі;

10) діни бірлестік құрушы бастамашы-азаматтардың тізімдерін тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамаларының бұзылуы анықталған жағдайда, кейіннен сот органдарына берілуімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасайды;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттемелері:

1) мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан, басқа да ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын жүзеге асыруға қажетті ақпараттарды белгіленген тәртіппен сұрату және алу, "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі құзырына жататын мәселелер бойынша құжаттар әзірлеуге мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың қызметкерлерін тарту;

2) "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да функцияларды жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органды қызметін ұйымдастыру

18. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшысы жүзеге асырады.

19. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Ақмола облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысына басшылық етеді және ұйымдастырады;

2) Заңға сәйкес "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін марапаттау, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын және бөлімдері туралы ережелерді бекітеді;

5) "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мүддесін қорғайды;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша шаралар қолданады және ол үшін дербес жауапкершілік алады;

7) "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс регламентін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіліктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға атқарады.

22. Басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіліктерін анықтайды.

4. Мемлекеттік органды мүлкі

23. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Ақмола облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Ақмола облысының дін істері
басқармасы" мемлекеттік
мекемесі туралы ережеге
қосымша

Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік ұйымдарының тізбесі

1. Ақмола облысы дін істері басқармасының жанындағы "Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК